| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Ақпан | Дене тәрбиесі | **Ортаңғы тобы.**<br>**Жүру.**<br>Қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**<br>Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).<br>**Секіру.**<br>Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Аяққа арналған жаттығулар.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.**<br>Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>Аяққа арналған жаттығулар.<br>қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті **велосипедті тура,** шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, "<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру:** өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Секіру.**<br>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау**.<br>Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.<br>**Жүгіру.**<br>Орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату.<br>**Еңбектеу , өрмелеу.**<br>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;<br>**Сапқа тұру.**<br>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру.<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br>Аяққа арналған жаттығулар. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Секіру.**<br>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау**.<br>Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.<br>**Жүгіру.**<br>Орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату.<br>**Еңбектеу , өрмелеу.**<br>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;<br>**Сапқа тұру.**<br>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**.<br>Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру.<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br>Аяққа арналған жаттығулар. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Қимылды ойындар.** Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. |
| | **Тіл дамыту** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>дауыссыз ( т-д,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді көпше түрде.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **<u>Ересек тобы:</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р,л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді,есімдіктерді қолдану. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол,оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдер мен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райы мен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу |
| | **Қазақ тілі** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Өз бетінше кітаптарды қарауға үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор**<br>төрт түлік атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөз тіркесін құрастыруға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу** |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Шағын шығармаларды мазмұны бойынша қайталап айтуға баулу.<br>**Ересек тобы.**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқын мен сөйлей білуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдер мен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес жауап беруге бір-бірі мен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру |
| | **Математика негіздері** | **Ортаңғы тобы:**<br>**Сан:** Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы.<br>**Шама:** Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең.<br>**Ересек тобы:**<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). |
| | **Сурет салу** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>**Заттық сурет салу.**<br>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.<br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | **Мүсіндеу** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету.<br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. |
| | **Жапсыру** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.<br>**Ересек тобы:**<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. |
| | **Құрастыру** | **Ортаңғы тобы:** Өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.<br>**Ересек тобы:**<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. |
| | **Музыка** | **Ортаңғы тобы:**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.<br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пенептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындауды бекіту. |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем.**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2- |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | 3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау<br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру).<br>**Заттық әлем.**<br>Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту. |

Сканировано с CamScanner

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Желтоқсан | **Дене тәрбиесі** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Жүру.**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр).<br>**Жүгіру.**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.** (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу.<br>**Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;<br>Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу.<br>Аяққа арналған жаттығулар: отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру,<br>**Жүгіру.** аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату.<br>**Еңбектеу , өрмелеу.**<br>Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Секіру.**<br>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру.<br>**Сапқа тұру.**<br>Сап түзеу, сапқа қайта тұру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**.<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру.<br>Кеудеге арналған жаттығулар.<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну.<br>Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. |
| | **Тіл дамыту** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауыссыз (п-б,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.<br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>**Сөздік қор.**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз),<br>заттардың орналасқан жерін (сол,оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының сөздерімен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдер мен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Шығарма мазмұнымен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.<br>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектер мен бірге ертегімен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, жұмбақ шешу өнеріне баулу.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. |
| | **Қазақ тілі** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор:** Жемістердің атауларын дұрыс айту<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар,кел,айт)<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білугеүйрету.<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес жауап беруге мүмкіндік беру.<br>Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлем мен сипаттауға үйрету. |
| | **Математика негіздері** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Сан.**<br>Олардың біреуін бөліп көрсету.<br>**Шама:**<br>Бір затты екінші затпен беттестіру .<br>**Геометриялық фигура.**<br>Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>алдында-артында.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>кешке<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**<u>Ересек тобы.</u>** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Жиын .**<br>Балаларға. жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>**Сан, санау.**<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсіл мен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тур және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама.**<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін<br>қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| | | |
| | **Сурет салу** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша ара қатынасын беруге үйрету: ағаш биік,бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.<br>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткісызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға,ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | **Мүсіндеу** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **<u>Ересек тобы.</u>**<br>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау,бөліктерді біріктіру.<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану.<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Жапсыру** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға; Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.<br>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру.<br>Шығармашылық қиялды дамыту.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | **Құрастыру** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып,оларды сапасы, көлемімен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау.<br>Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.<br>Табиғи,қалдық материалдардан құрастыру.<br>Қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Музыка** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты,баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары,төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.<br>**Ән айту.**<br>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға,музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақты  қимылдар.**<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру,марш сипатын ырғақты жүріспен беру,музыканың қимылдық сипатына қарай |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | женіл, ырғақты жүгіру;<br>музыканың ырғағын нақты бере отырып,қос аяқпен еркін және жеңіл секіру,<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағашқасықтармен,асатаяқ,сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау.<br>**Би.**<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету,музыканың кіріспесін ажырату,кіріспеден кейін қимылдарды бастау,музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру,би қимылдарының,билердің атауларын есте сақтау.<br>Жеңіл,ырғақпен қозғалу;жұппен би қимылдарын орындау;билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем.**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Менің Отаным – Қазақстан.<br>Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Баланың өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»).<br>**Заттық әлем.**<br>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары.**<br>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, э<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>ксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. |

Scanned with CamScanner

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | **Дене тәрбиесі** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Жүру.**<br>Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр).<br>**Жүгіру.**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық).<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**<br>4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу.<br>**Секіру.**<br>Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен). |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Аяққа арналған жаттығулар:<br>аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "ұста", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | жүзеге асыру.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру:**<br>Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау**.<br>қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу.<br>**Жүгіру**.<br>Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру. **Секіру.**<br>аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру,<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру.<br>**Секіру.**<br>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру.<br>**Еңбектеу , өрмелеу.**<br>Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу.<br>**Сапқа тұру.**<br>Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру.<br>Кеудеге арналған жаттығулар.<br>Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру.<br>Аяққа арналған жаттығулар.<br>Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. |
| | **Тіл дамыту** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Дауысты (е,о) дыбыстарды анық айтуға үйрету, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.<br>**Сөздік қор.**<br>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктелуіне,септелуіне, қарай байланыстыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.<br>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалар мен талқылау.<br>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктер мен толықтыру.Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдер мен байланыстыруға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін |

| | | |
|---|---|---|
| | | түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету.<br>Түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтау.<br>Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру. |
| | **Қазақ тілі** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Дербес әрекеттерде, ауызекі сөйлеуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарға байланысты сөздерді |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | (бөпе,аға,апа,іні,қарындас) үйрету.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.<br>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалар мен талқылау.<br>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдер мен байланыстыруға үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету.<br>Түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | қайталап айтуға үйрету. |
| | **Математика негіздері** | <u>**Ортаңғы тобы.**</u><br>**Сан.**<br>Заттардың санын ажыратуға үйрету:<br>**Шама.**<br>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигура шаршыны таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау:<br>**Уақытты бағдарлау**.<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: түнде.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br><br><u>**Ересек тобы.**</u><br>**Сан, санау.**<br>3-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беру.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>3 көлемінде тура санауға жаттықтыру.<br>**Шама.**<br>Биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | тәсілдерін қолданып, заттарды салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш , төртбұрыш) және дене кубты танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері туралы ұғымдарын кеңейту. |
| | **Сурет салу** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.<br>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту.<br>Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктер мен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.<br>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.<br>Дөңгелек, шаршы пішіндегі қазақ оюларының элементтерін:«қызғалдақ», «ирек», суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау. |
| | **Мүсіндеу** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар)<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.<br>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.<br>Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. |
| | **Жапсыру** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | <u>**Ересек тобы.**</u><br>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру.<br>Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көкөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру.<br>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып безендіру дағдыларын дамыту. Шығармашылық қиялды дамыту.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | **Құрастыру** | <u>**Ортаңғы тобы.**</u><br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.<br><br><u>**Ересек тобы.**</u><br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру. Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок ) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау. |
| | **Музыка** | <u>**Ортаңғы тобы.**</u><br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау<br>(музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу.<br>**Ән айту**.<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету,әнді созып,қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру<br>(ре-сибірінші октава шегінде). Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу(тәрбиешіні көмегімен).<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар.Биқимылдарын,ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру,марш сипатын ырғақты жүріспен беру,музыканы қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру;<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру,қимылдарды өзгерту,музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. |
| | **Қоршаған әлеммен** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | **таныстыру** | Бала, оның отбасы, үйі.<br>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Бала, оның отбасы, үй.<br>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру.<br>**Заттық әлем.**<br>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | қалыптастыру.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары.**<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: : бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. |

Scanned with CamScanner

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қаңтар** | **Дене тәрбиесі** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Жүру.**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр).<br>**Жүгіру.**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық).<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**<br>4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу.<br>**Секіру.**<br>Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | биіктіктен секіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен).<br>Кеудеге арналған жаттығулар: солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта).<br>аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта).<br>Қимылды ойындар.қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру:**<br>өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу.<br>**Жүгіру.**<br>түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру.<br>**Еңбектеу , өрмелеу.**<br>етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу.<br>**Секіру.**<br>аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру)<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру.<br>**Еңбектеу , өрмелеу.**<br>құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сапқа тұру.**<br>Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру.<br>Кеудеге арналған жаттығулар.<br>Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру.<br>Аяққа арналған жаттығулар.<br>Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою<br>**Қимылды ойындар.**<br>Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. |
| | **Тіл дамыту** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>дауыссыз<br>( к-қ,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді жекеше түрде.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р,л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | балалармен талқылау.<br>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді,есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол,оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байытуТілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануғаүйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдер мен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райы мен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқын мен сөйлей білуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдер мен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу.<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес жауап беруге бір-бірі мен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру |
| | **Математика негіздері** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Сан.**<br>Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру.<br>**Шама:**<br>Жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Жиын** Балаларға. жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>**Сан, санау.**<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсіл мен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тур және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама.** Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін<br>қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).<br>Уақытты бағдарлау.<br>**Тәулік бөліктері**<br>(таңертең, күндіз, кеш, түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| | **Сурет салу** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды |

| | | |
|---|---|---|
| | | бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік,бұта ағаштан аласа,гүл бұтадан аласа. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Балаларға суреттерді қылқаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалармен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.<br>Қылқаламды үстінен баса отырып,жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | **Мүсіндеу** | **Ортаңғы тобы.**<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ересек тобы.**<br>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әр түрл ітәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әр түрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға<br>дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу,майда бөлшектерді қысусияқты тәсілдермен мүсіндеу.<br>Мүсінделген заттың,фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Жапсыру** | **Ортаңғы тобы.** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауға үйрету.<br>**Ересек тобы.**<br>Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялдыдамыту.<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Композицияны құрастыру кезінде заттармен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.<br>Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып,содан кейін оны желімдеу.<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржын мен таныстыру.<br>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюған емес өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | **Құрастыру** | **Ортаңғы тобы.**<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау.<br>**Ересек тобы.**<br>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Қағаздан құрастыру.<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру,«оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Музыка** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.<br>Ән айту.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы<br>әңгімелеу,музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты,баяу, жылдам),жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары,төмен), әндерді иллюстрациялардыкөрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.<br>**Ән айту.**<br>Балаларды мәнерлеп әнайтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br>Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу(тәрбиешіні |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | көмегімен).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Би қимылдарын,ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру,марш сипатын ырғақты жүріспен беру,музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып,қос аяқпен еркін және жеңіл секіру,қимылдарды музыкаменсәйкестендіре отырып,жүрелеп отыру,музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту,музыканың көңілді,ойнақы сипатын қабылдау,мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу,музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>Ағашқасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.<br>**Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.**<br>**Билер.**<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету,музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.<br>Жеңіл,ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау;билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру,қимылдарды өзгерту,шапшаңдықпенептілік таныту,музыканың көңілді,ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттар мен би қимылдарын орындау. |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>**Заттық әлем** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулу**<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен карауға, оларға ұқыптылықпен карауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие**.<br>Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>Топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Бала, оның отбасы, үй.**<br>Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.<br>**Заттық әлем.**Балаларды заттық әлеммен таныстыру және оны мен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | қар,жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде–көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста- құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық,мекендейтін орнын анықтау |

Scanned with CamScanner

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қараша** | **Дене тәрбиесі** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Жүру.**<br>Қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**<br>Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).<br>**Секіру.**<br>Іліну тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Аяққа |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | арналған жаттығулар.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.**<br>Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Аяққа арналған жаттығулар.**<br>Қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Негізгі қимылдар.** |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Жүру.**<br>Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау**.<br>қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.<br>**Жүгіру.** орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>**Секіру .**4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру.<br>**Еңбектеу , өрмелеу.**<br>Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).<br>**Сапқа тұру.**<br>Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**.<br>Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Жаттығуларды заттармен және заттарсыз Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға орындау. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату.<br>Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>"Денсаулық - зор байлық" сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | **Тіл дамыту** | **Ортаңғы тобы.** |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (ұ ) дыбысын анық айтуға үйрету, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау.<br>**Сөздік қор.**<br>Заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту,<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді үстінде, астында, тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Шығармаларды тыңдағаннан, алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Сөздік қор.** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде атау.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттеріндебейнелеген суреттері бойынша әңгімелер құрастыруға, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | туралы ақпаратты талқылауға баулу. |
| | **Көркем әдебиет** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, жұмбақ шешу. |
| | **Қазақ тілі** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Бірлескен әрекеттері туралы келісуге жағдай жасау.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Есту қабілеттерін дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Тұрмыстық заттардың атауларын дұрыс атауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Бұйрық райлы етістіктерді қолдануға баулу (бар,кел,айт)<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеу.<br>**Дыбыстық сөйлеу мәдениеті.** |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Артикуляциялық және дауыс аппаратын анық сөйлей білуді дамыту Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, табиғат құбылыстарын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Үлгі бойынша жай сөйлемдер құра білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы сөйлеммен жауап беру. |
| | **Математика негіздері** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру<br>**Шама:**<br>Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша)<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигурамен: дөңгелекпен таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Үстінде-астында<br>**Уақытты бағдарлау**:таңертең<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Жиын.**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу<br>**Сан, санау.**<br>4-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>4 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама.**<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру .<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау<br>(ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен). Кеңістікті бағдарлау.<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | **Сурет салу** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға,<br>сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.<br>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «құс тұмсық», «ботакөз» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау<br>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. |
| | **Мүсіндеу** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану.<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Жапсыру** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау).<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алу. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | **Құрастыру** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Құрылыс материалдарын құрастыру.**<br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.** |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнапболған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.<br>**Қағаздан құрастыру.**<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |
| | **Музыка** | **Ортаңғы тобы.**<br>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Ересек тобы.**<br>**Музыка тыңдау.** Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>Ән айту.Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, ән айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>Ағаш қасықтармен, асатаяқ, сазсырнайда,барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>**Билер**.Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.Атрибуттармен би қимылдарын орындау.Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Ортаңғы тобы.**<br>Өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбеккор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі**.<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>Табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Ересек тобы.**.<br>Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу.<br>**Заттық әлем.**<br>Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары.**<br>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту.<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. |

Сканировано с CamScanner

**Келісемін:**
**«Дән» бөбекжайының МҚКҚ**
**әдіскері:**
**________ Капасова А.С**

**Бекітемін:**
**«Дән» бөбекжайының МҚКҚ**
**меңгеруші:**
**________ Жуманова Ф.С**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2025 – 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған**
**іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Әр түрлі жастағы «Қарлығаш» тобы.**

**Тәрбиешілер: Калымсеитова А.К**
**Оразғали Ә.М**

Scanned with CamScanner

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы.
Топ: Әр түрлі жас «Қарлығаш»
Балалардың жасы: 3, 4, жас
Жоспардың құрылуы кезеңі: 1қыркүйек 2025 – 31 мамыр 2026ж

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Дене тәрбиесі** | <u>**Ортаңғы тобы:**</u><br>**Негізгі қимылдар:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру.<br>**Тепе - теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см) жүру.<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.** Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық),<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура еңбектеу.<br>**Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.** бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br><u>**Ересек тобы:**</u> 1.Тапсырманы орындай отырып, сапқа тұру, жүру.<br>Бір-бірден тізбекпен жүгіру, жан-жаққа жүгіру. Жылдамдық және ептіліктерін.<br>Еденде жатқан екі жіптің үстімен тіке жүруді. Қос аяқпен секіруге (аяқ бірге-аяқ алшақ) үйрету. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | 2.Сапқа тұру, жүру . Бір-бірден тізбекпен жүгіру,жан-жаққа жүгіру. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру .<br>Орындықтан қойылған тақтайшалар аттап жүруді үйрету. Қос аяқпен секіруге (аяқ бірге- аяқ алшақ) жаттықтыру.<br>3.Сапқа тұру, жүру. Бір-бірден тізбекпен жүгіру,жан-жаққа жүгіру. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Орындықтан қойылған тақтайшалар аттап жүруді жаттықтыру. Шеңберге тұрып, кішкентай допты жоғары лақтыру, оны қағып алуды бекіту.<br>1.Қысқа адымдар жасап жүру . Бір бағытта бүкіл топпен жүгіру.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Бір орында тұрып қос аяқпен жіптен секіруді үйрету. Жан-жаққа еңбектеп жүруді үйрету.<br>2.Қысқа адымдар жасап жүру. Бір бағытта бүкіл топпен жүгіру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Бір -біріне қарама қарсы тұрып допты дом3.Қысқа адымдар жасап жүру . Бір бағытта бүкіл топпен жүгіру. Бір орында тұрып қос аяқпен жіптен секіру жаттықтыру. алатуды үйрету. Жан -жаққа еңбектеп жүруді жаттықтыру.<br>1.Бір колонада жүру. Алаң бойынша баяу жүгіру 2,5мин. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Тіке жолмен еңбектеп жүру. Бір- біріне қарама- қарсы отырып допты домалатуды үйрету.<br>2.Бір колонада жүру. Алаң бойынша баяу жүгіру 2,5мин. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Қол белде еденде жатқан жіптің үстімен жүру үйрету. Қос аяқтап текшені аттап, алға секіруді үйрету.<br>3.Бір колонада жүру. Алаң бойынша баяу жүгіру 2,5мин. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.<br>Қол белде еденде жатқан жіптің үстімен жүруді жаттықтыру.Бір- біріне қарама-қарсы отырып допты домалатуды бекіту.<br>1.Жүру түрлері жан-жаққа шышырап жүру. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Бір-бірден тізбекпен жүгіру жан-жаққа шышырап жүгіру.<br>Спортқа дегенқызығушылықтарын арттыру.<br>Аяқтың ұшымен жіптің үстімен жүруді үйрету. Қос аяқпен алға секіріп жүруді үйрету.<br>2.Жүру түрлері жан-жаққа шышырап жүру.<br>Бір-бірден тізбекпен жүгіру жан- жаққа шышырап жүгіру. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қос аяқпен алға секіріп жүруді жаттықтыру.<br>Допты домалатуды үйрету. |
| | **Тіл дамыту** | **Ортаңғы тобы:**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә,) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау.<br>**Сөздік қор:**Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту,<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** Суреттерді, заттарды қарастыруда.<br>**Ересек тобы: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р,л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>**Сөздік қор.**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін сөйлеуде қолдану.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру:әңгімеге қатысуға баулу,диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. |
| | **Көркем әдебиет** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>**Кітаптарға қызығушылықты ояту**<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру.<br><br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. |
| | **Қазақ тілі** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Балалардың ересектермен және<br>құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:<br>бір-бірімен күнделікті еркін ойында.<br>***Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті*** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін ескеріп , артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту<br>**Сөздік қор**<br>Ауызекі түрлі балалар әрекетінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануға қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту<br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.<br>Сөздік қор.<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | хабарлы, лепті, бұйрықтысөйлемдер мен жауап беруге мүмкіндік беру |
| | **Математика негіздері** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>**Сан.**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Шама.**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигура: үшбұрышпен таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау.<br><br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>**Жиын:** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы<br>түсінік беру.<br>**Сан, санау.**<br>2-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>**Шама:** Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.Ұзындығы, ені бойынша екі затты салыстыру<br>Геометриялық фигуралар.<br>Балаларды геометриялық фигураларды(дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып атай білуге үйрету. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Кеңістікті бағдарлау.**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға -солға, жоғары -төмен).<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз,кеш,түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту |
| | **Сурет салу** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.<br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға қызығушылықты дамыту.<br>Қазақ халқының сәндік –қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | **Мүсіндеу** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату,тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. |
| | **Жапсыру** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.<br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру.<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді жапсыру дағдыларын қалыптастыру. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Құрастыру | **Ортаңғы тобы:**<br>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.<br>**Ересек тобы:**<br>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру.<br>Қағаздан құрастыру.<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Табиғи материалдардан жасалған бұйымдары мен таныстыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруғамүмкіндік беру. |
| | Музыка | **Ортаңғы тобы:**<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Ересек тобы:**<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Музыка тыңдау.<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Ән айту.<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету,әнді созып,қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру,марш сипатын ырғақты жүріспен беру.<br>Билер.<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету,<br>Жеңіл,ырғақпен қозғалу;жұппен би қимылдарын орындау;билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Би қимылдарын,ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу(тәрбиешіні көмегімен). |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br><br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп,жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру,жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өйткені,бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру(«Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»).Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру(мектепке баруға ынтасын,қызығушылығын арттыру). Өзінің атын,тегін, жасын,жынысын атай білугеүйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге,өзінедеген сенімділікке тәрбиелеу. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Отбасыт уралы,отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру.<br>Отбасындағы үлкендерді сыйлауға,құрмет көрсетуге,кішілерге қамқорлық жасауға,отбасын,отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге,олардың есімдерін атауға үйрету,отбасындағы сүйікті адамдары,отбасылық мерекелер,салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу,өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. |

Scanned with CamScanner

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Мамыр | **Дене тәрбиесі** | **Ортаңғы тобы.**<br>**Жүру.**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр).<br>**Жүгіру.**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық).<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**<br>4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу.<br>**Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен). Кеудеге арналған жаттығулар: солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта).<br>аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта).<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | жасау.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.** Суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну<br>**Секіру.**<br>Секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).<br>**Еңбектеу , өрмелеу.**<br>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу.<br>**Сапқа тұру.**<br>Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар .**<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Кеудеге арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>"Денсаулық - зор байлық" сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру |
| | **Тіл дамыту** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін мен жаңылтпаштар айтқызу Фонематикалық естуді дамыту:<br>Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сынесімдерді,етістіктерді,есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, затесімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.Өткенді қайталау |
| | **Көркем әдебиет** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br><br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға,көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.Мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.Таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді,аққөңіл-салмақты) ынталандыру.Өткенді қайталау. |
| | **Қазақ тілі** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Ұ  дыбысын өздігінен  дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.** |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Жаңылтпаш жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Етістікті үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Шығарма,ертегілерді өздігінен қайталап айтуға баулу.<br>**<u>Ересек тобы:</u>**<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдану.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алудыанық сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасындағы қызықты оқиғалартуралы айтуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жай сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Ойыншықтар мен заттарды 4-5сөйлем мен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| | **Математика негіздері** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Сан.** «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>Шама. жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>** |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Жиын.**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>Сан,санау.5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау,сандарды реті бойынша<br>атауға«нешінші?»сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға,«барлығы қанша?»сұрағына жауап беруге үйрету.<br>**Шама.**<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі заттыүстіне және қасына қою тәсілдерін<br>қолданып, жуандығы бойынша заттардысалыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа,жуан-жіңішкесынесімдерменбелгілеу.<br>Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып,салыстыру.<br>**Геометриялықфигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу,сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атау(ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>**Кеңістікті бағдарлау.**Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр).Уақытты бағдарлау.Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | **Сурет салу** | **Ортаңғы тобы.**<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br><br>**Ересек тобы.**<br>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік,бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалармен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | **Мүсіндеу** | **Ортаңғы тобы.**<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br><br>**Ересек тобы.**<br>Ермексаз,сазбалшық,пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу,майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Жапсыру** | Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып,содан кейін оны желімдеу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | **Құрастыру** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| | **Музыка** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындауды қайталау.Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>**Заттық әлем.** |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға үйрету.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Заттық әлем.**<br>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары.**<br>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.<br>**Менің Отаным–Қазақстан.**<br>Отанымыз–Қазақстан Республикасына дегенсүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>Өсімдіктер әлемі.Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым)туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. |

Сканировано с CamScanner

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Наурыз | Дене тәрбиесі | <u>**Ортаңғы тобы.**</u><br>**Жүру.**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр).<br>**Жүгіру.**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық).<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**<br>4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу.<br>**Секіру.**<br>Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен).<br>Кеудеге арналған жаттығулар: солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта).<br>аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта).<br>Қимылды ойындар.қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру:**<br>Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Секіру.**<br>Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру)<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.<br>**Жүгіру.**<br>Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру.<br>**Еңбектеу , өрмелеу.**<br>Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу.<br>**Сапқа тұру.**<br>Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу.<br>Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.<br>Кеудеге арналған жаттығулар.<br>Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтер Аяққа арналған жаттығулар. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік)<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. |
| | **Тіл дамыту** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | дауыссыз (ж-ш,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту,<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектермен диалог құру.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р,л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы және мағынасы қарама –қарсы антоним сөздермен байыту.Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрі мен таныстыру, қонақты күтіп алу,төрге отырғызу, «қонаққәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдер мен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу**.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету |
| | **Көркем әдебиет** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру,шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектер мен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі,әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармалары мен таныстыру,санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br>Сахналыққойылымдарғақатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді,аққөңіл- |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | салмақты) ынталандыру. |
| | Қазақ тілі | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Алған әсері мен қалауын білдіруге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қ , і дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор .**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда санамақ жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Зат есімді үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Шағын шығармалар бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқын мен сөйлей білуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдер мен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес жауап беруге бір-бірі мен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру |
| | **Математика** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | **негіздері** | **Сан.**<br>Тең және тең емес заттар тобын салыстыру,<br>**Шама.**<br>Ені бойынша кең-тар, бірдей, тең.<br>**Ересек тобы.**<br>**Жиын.**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Сан, санау. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау,сандарды реті бойынша<br>атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға,«барлығықанша?»сұрағына жауап беругеүйрету.Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.Тең ұғымын екі тәсіл мен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама.**<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі заттыүстіне және қасына қою тәсілдерін<br>қолданып, жуандығы бойынша заттардысалыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдер мен белгілеу.<br>Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау,жоғары-төмен,қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>**Тәулік бөліктері** (таңертең, күндіз, кеш,түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктерімен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | **Сурет салу** | <u>**Ортаңғы тобы.**</u><br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br><u>**Ересек тобы.**</u><br>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік,бұта ағаштан аласа,гүл бұтадан аласа.Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. )<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалармен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.<br>Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға,<br>Жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | **Мүсіндеу** | <u>**Ортаңғы тобы.**</u><br>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру.<br>Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br><u>**Ересек тобы.**</u><br>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әр түрл ітәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әр түрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Жапсыру** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br>Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Композицияны құрастыру кезінде заттармен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру . Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржын мен таныстыру.<br>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа біріздiлігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюған емес өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | **Құрастыру** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану.<br>**<u>Ересек тобы.</u>** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.<br>**Қағаздан құрастыру.**<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру,«оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.**<br>Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Музыка** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.<br>Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу,музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты,баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары,төмен), әндерді иллюстрациялардыкөрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.<br>**Әнайту.**<br>Балалардымәнерлепәнайтуғаүйрету,әндісозып,қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу(тәрбиешіні көмегімен).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Би қимылдарын,ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру,марш сипатын ырғақты жүріспен беру,музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып,қос аяқпен еркін және жеңіл секіру,қимылдарды музыкаменсәйкестендіре отырып,жүрелеп отыру,музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту,музыканың көңілді,ойнақы сипатын қабылдау,мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу,музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>Ағашқасықтармен,сылдырмақтармен,асатаяқ,домбыра,сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.<br>**Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Билер.**<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.<br>Жеңіл ,ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдықпен ептілік таныту, музыканың көңілді ,ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | <u>**Ортаңғы тобы.**</u><br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>**Заттық әлем.**<br>Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға үйрету.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.<br>**Заттық әлем.**<br>Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Менің Отаным – Қазақстан.<br>Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | ықпал ету. |

Scanned with CamScanner

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Сәуір | **Дене тәрбиесі** | **Ортаңғы тобы.**<br>**Жүру.**<br>Қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**<br>Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).<br>**Секіру.**<br>Іліну тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Аяққа арналған жаттығулар.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.**<br>Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>Аяққа арналған жаттығулар.<br>қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, "<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.<br>**Секіру.**<br>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау**.<br>Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.<br>**Жүгіру.**<br>Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**<br>Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату.<br>**Еңбектеу , өрмелеу.**<br>Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу.<br>**Сапқа тұру.**<br>Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**.<br>Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Кеудеге арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю.<br>Аяққа арналған жаттығулар. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.** Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. |
| | **Тіл дамыту** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | қарапайым тәсілдерін қолдану.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін мен жаңылтпаштар айтқызу<br>Фонематикалық естуді дамыту:<br>Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс з аттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөздікқорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| . | | Онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. |
| | **Қазақ тілі** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Сәлемдесуде өтінішін білдіруге, ырзашылдығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Ү дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақ жаттауға баулу<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Сын есімді үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Шағын ертегі, шығарма бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге баулу<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдану.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды анық сөйлей білуді дамыту.<br>Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйрету.<br>Өзінің отбасындағы қызықты оқиғалар туралы айтуға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жай сөйлемдер құра білуге үйрету.<br>Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| | **Математика негіздері** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>**Сан.** «Тең бе?»,<br>**Шама:** биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Ересек тобы.**<br>**Жиын.**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>Сан,санау.5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау,сандарды реті бойынша<br>атауға«нешінші?»сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға,«барлығы қанша?»сұрағына жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.Тең ұғымын екі тәсіл мен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беругеүйрету.5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама.**<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі заттыүстіне және қасына қою тәсілдерін<br>қолданып, жуандығы бойынша заттардысалыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа,жуан-жіңішкесынесімдерменбелгілеу.<br>Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып,салыстыру.<br>**Геометриялықфигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу,сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атау(ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Кеңістікті бағдарлау.**Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр).Уақытты бағдарлау.Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| | **Сурет салу** | **Ортаңғы тобы.**<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br><br>**Ересек тобы.**<br>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.<br>Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік,бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.<br>Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын тазаұстауға,ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауғабаулу.(өткенді қайталау) |
| | **Мүсіндеу** | **Ортаңғы тобы.**<br>Жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Ересек тобы.**<br>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау..(өткенді қайталау) |
| | **Жапсыру** | **Ортаңғы тобы.**<br>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Ересек тобы.**<br>Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа,кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көкөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюдыүйрету.Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және олзаттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар меннысандардың көлемі бойыншаарақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Жапсыруда қауіпсіздікережелерін сақтау,жұмысты ұқыптылықпен орындау.(өткенді қайталау) |
| | **Құрастыру** | **Ортаңғы тобы.** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Сын есімді үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Шағын ертегі, шығарма бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге баулу<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдану.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды анық сөйлей білуді дамыту.<br>Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйрету.<br>Өзінің отбасындағы қызықты оқиғалар туралы айтуға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жай сөйлемдер құра білуге үйрету.<br>Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| | **Математика негіздері** | **<u>Ортаңғы тобы:</u>**<br>**Сан.** «Тең бе?»,<br>**Шама:** биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Жиын.**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>Сан,санау.5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау,сандарды реті бойынша<br>атауға«нешінші?»сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға,«барлығы қанша?»сұрағына жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.Тең ұғымын екі тәсіл мен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беругеүйрету.5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама.**<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі заттыүстіне және қасына қою тәсілдерін<br>қолданып, жуандығы бойынша заттардысалыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа,жуан-жіңішкесынесімдерменбелгілеу.<br>Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып,салыстыру.<br>**Геометриялықфигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу,сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атау(ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Кеңістікті бағдарлау.**Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр).Уақытты бағдарлау.Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| | **Сурет салу** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.<br>Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік,бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.<br>Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын тазаұстауға,ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауғабаулу.(өткенді қайталау) |
| | **Мүсіндеу** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Ересек тобы.**<br>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау..(өткенді қайталау) |
| | **Жапсыру** | **Ортаңғы тобы.**<br>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Ересек тобы.**<br>Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа,кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көкөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюдыүйрету.Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және олзаттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар меннысандардың көлемі бойыншаарақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Жапсыруда қауіпсіздікережелерін сақтау,жұмысты ұқыптылықпен орындау.(өткенді қайталау) |
| | **Құрастыру** | **Ортаңғы тобы.** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.<br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>Қағаздан құрастыруға үйрету:қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру,«оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырыпжәне құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| | **Музыка** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. (өткенді қаталау)<br><br>**<u>Ересек тобы.</u>**<br>**Музыка тыңдау.**Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау(музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныcшығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған<br>әсерлері туралы әңгімелеу,музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын,<br>қатты,баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары,төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.<br>**Ән айту**.<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету,әнді созып,қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру(ре-си бірінші октава шегінде).Қысқа музыкалық фразалар арасында |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | тыныс алуды дамыту.Әуенді таза және сөздерді анық айтуға,музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу(тәрбиешіні көмегімен).<br>Билер.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру,қимылдарды өзгерту,шапшаңдықпен ептілік таныту,музыканың көңілді,ойнақы сипатын ажырата білу,атрибуттармен би қимылдарын орындау.Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **<u>Ортаңғы тобы.</u>**<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді карауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем.**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. **Еңбекке баулу.**<br>Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау<br><br>**Ересек тобы.**<br>**Бала, оның отбасы, үй..**<br>Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық<br>мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.<br>**Заттық әлем.**<br>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары.**<br>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу,оны жақсы орындау. Жақындарының мамандықтары мен таныстыру,олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына<br>қызығушылықты қалыптастыру.<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.<br>**Менің Отаным–Қазақстан.** |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Отанымыз–Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу.Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. |

Scanned with CamScanner